Тұмаудың емі және профилактикасы үшін вирусқа қарсы препараттарды қолдану ресми ұсыныстарға негізделуі керек. Емдеу және профилактика үшін вирусқа қарсы дәрілерді қолдану туралы шешімді айналымдағы тұмау вирусының сипаттамаларын, әр маусымдағы тұмау вирусының дәрілік заттарға сезімталдығы туралы қолжетімді ақпаратты, әртүрлі географиялық аймақтарда және пациенттер тобында аурудың әсерін ескере отырып қабылдаған жөн.

Қолданудың басталуына дейін қажетті мәліметтер тізбесі

Қолдануға болмайтын жағдайлар

- осельтамивирге немесе қосымша заттардың кез келгеніне аса жоғары сезімталдық

Қолдану кезіндегі қажетті сақтандыру шаралары

Энфлувир препараты А және В тұмауы вирустарынан туындаған ауруларға ғана қатысты тиімді.

Энфлувир препаратын қолдану тұмауға қарсы вакцинацияны алмастырмайды.

Энфлувир препаратын қолдану жыл сайын тұмауға қарсы вакцинация жүргізген кезде пациенттерді бағалауға әсер етпеуі тиіс. Тұмаудан қорғау Энфлувир препараты қолданылған уақытқа ғана жарамды. Препарат тұмауды емдеу және профилактикалау үшін ғана және сенімді эпидемиологиялық деректер тұмау вирусының жалпы популяцияда таралатынын көрсеткен жағдайда ғана қолданылуы керек.

Психоневрологиялық бұзылулар

Энфлувир препаратымен ем қабылдаған пациенттерде, әсіресе балалар мен жасөспірімдерде құрысулар және сандырақ сияқты психоневрологиялық бұзылулар туралы хабарланды. Сирек жағдайларда бұл құбылыстар кездейсоқ жарақатқа әкелді. Энфлувир препаратының осы жағдайлардың дамуындағы рөлі белгісіз. Сондай-ақ Энфлувир қабылдамаған тұмауы бар пациенттердегі психоневрологиялық бұзылулар туралы да хабарланды. Үш ауқымды эпидемиологиялық зерттеулерде вирусқа қарсы ем қабылдамаған тұмауы бар пациенттерде Энфлувир қабылдаған, тұмауы бар пациенттерге қарағанда психоневрологиялық бұзылулардың даму қаупі жоғары емес екендігі дәлелденді. Пациенттер, әсіресе балалар мен жасөспірімдер мінез-құлқында өзгерістер болуына мұқият бақылануы тиіс.

Ауыр қатар жүретін аурулар

Аса ауыр қатар жүретін ауруы немесе ауруханаға жатқызуды болжайтын тұрақсыз жағдайы бар пациенттерге осельтамивирді қолданудың қауіпсіздігі мен тиімділігі туралы деректер жоқ.

Иммунитет әлсіздігі бар пациенттер

Иммунитет әлсіздігі бар пациенттерде тұмауды емдеу және профилактика кезіндегі осельтамивирдің тиімділігі нақты анықталмаған.

Жүрек және тыныс алу аурулары

Жүректің және/немесе тыныс алу ағзаларының созылмалы аурулары бар пациенттерде тұмауды емдеу немесе профилактикасы кезінде осельтамивирдің тиімділігі анықталған жоқ. Пациенттердің осы популяциясында асқынулардың туындау жиілігі осельтамивирмен емдеу тобындағы және плацебо тобындағы осындаймен салыстырылды.

Балалар

Шала туған нәрестелердегі дозаны анықтауға арналған деректер (етеккірден кейінгі постконцептуалды жасы * <36 апта) жоқ.

* Соңғы қалыпты етеккірдің бірінші күні мен бағалау күні арасындағы уақыт, гестациялық жас плюс постнатальді жас.

Бүйректің ауыр жеткіліксіздігі

Бүйрек функциясы жеткіліксіздігінің ауыр дәрежесі бар ересек пациенттер мен жасөспірімдерде (13-17 жас) тұмауды емдеу және профилактикасы кезінде дозаны түзету ұсынылады. Бүйрек функциясының жеткіліксіздігі бар сәбилер мен балалардағы (1 жастан бастап және одан жоғары жастағы) дозаны түзету үшін клиникалық деректер жеткіліксіз, сондықтан пациенттердің осы санаты үшін дозалау режимін анықтау мүмкін емес.

Басқа дәрілік препараттармен өзара әрекеттесуі

Фармакологиялық және фармакокинетикалық зерттеулердің деректері бойынша осельтамивир фосфатымен клиникалық маңызды дәрілік өзара әрекеттесуінің ықтималдығы аз.

Осельтамивир фосфаты негізінен бауыр эстеразаларымен белсенді метаболитке қарқынды түрде айналады. Әдебиетте дәрілік өзара әрекеттесулер, соның ішінде эстераза үшін бәсекелестік туралы хабарланған жоқ. Осельтамивир мен оның белсенді метаболитінің қан сарысуы ақуыздарымен байланысу дәрежесінің төмендігі клиникалық маңызды дәрілік өзара әрекеттесулердің болуын болжауға негіз бермейді.

In vitro зерттеулері көрсеткендей, осельтамивир де, белсенді метаболит те Р450 цитохромы мен глюкуронилтрансфераза микросомалық ферменттері үшін жақсы субстрат болып табылмайды. Пероральді контрацептивтермен өзара әрекеттесудің қандай да бір дәлелі жоқ.

Бүйрекпен элиминациясы

Көптеген ұқсас препараттар үшін қауіпсіздік резервін, осельтамивирдің белсенді метаболитін (шумақтық сүзіліс және аниондық түтікшелік секреция) шығару жолдарын, сондай-ақ жолдардың әрқайсысының шығару қабілетін назарға ала отырып, түтікшелі секреция үшін бәсекелестікпен байланысты клиникалық маңызды дәріаралық өзара әрекеттесуінің ықтималдығы аз.

Пробенецид

Бүйрек функциясы қалыпты пациенттер үшін пробенецидпен бірге қабылдаған кезде дозаны түзету талап етілмейді. Пробенецидті, бүйректің өзекшелік секрециясының аниондық жолының күшті тежегішін бірлесіп қабылдау осельтамивирдің белсенді метаболиті әсерінің шамамен 2 есе ұлғаюына әкеледі.

Амоксициллин

Амоксициллинмен бір мезгілде қабылдау екі заттың да плазмалық деңгейін өзгертпейді, бұл аниондық өзекшелік секрецияға әлсіз бәсекелестікке байланысты.

Қосымша ақпарат

Парацетамолмен, ацетилсалицил қышқылымен, циметидинмен, антацидті дәрілермен (магний және алюминий гидроксиді, кальций карбонаты), римантадинмен немесе варфаринмен бір мезгілде қабылдаған кезде осельтамивир немесе оның негізгі метаболиті арасында фармакокинетикалық өзара әрекеттесулер байқалмады.

АӨФ тежегіштері (эналаприл, каптоприл), тиазидті диуретиктер (бендрофлуазид), антибиотиктер (пенициллин, цефалоспорин, азитромицин, эритромицин, доксициклин), H₂-рецепторлардың блокаторлары (ранитидин, циметидин), бета-блокаторларды (ранитидин) емдеудің III фазасының және Энфлувир профилактикасының клиникалық зерттеулерінде пропранолол, ксантиндер (теофиллин), симпатомиметиктер (псевдоэфедрин), апиындар (кодеин), кортикостероидтар, ингаляциялық бронхолитиктер және анальгетиктер (аспирин, ибупрофен және парацетамол) сияқты жиі қолданылатын препараттармен енгізген.

Энфлувирді осы дәрілік препараттармен бір мезгілде қабылдау нәтижесінде жағымсыз құбылыстардың бейінінде немесе олардың жиілігінде өзгерістер байқалған жоқ.

Емдік диапазоны тар препараттарды (мысалы, хлорпропамид, метотрексат, фенилбутазон) қабылдайтын пациенттерде осельтамивирді бір мезгілде қолданған кезде сақ болған жөн.

Тұрғындардың ерекше топтарына байланысты қосымша ақпарат

Арнайы популяциялардағы өзара әрекеттесуге арнаулы зерттеулер жүргізілген жоқ.

Педиатриялық популяция

Бала жасындағы пациенттердің өзара әрекеттесуіне арнаулы зерттеулер жүргізілген жоқ.

Арнайы сақтандырулар

Педиатрияда қолданылуы

Энфлувир препаратының 1 жасқа дейінгі балалардағы қауіпсіздігі мен тиімділігі анықталмаған. **Энфлувирді тек уақытша, 1 жасқа дейінгі балаларға тұмауды емдеу үшін немесе дәрігердің ұсынысы бойынша эпидемия кезінде ғана қолдануға болады.** Басқа кез келген жағдайларда Энфлувир препаратын 1 жасқа дейінгі балаларда қолдануға болмайды.

Жүктілік немесе лактация кезеңі

Бала туу жасындағы әйелдер / Контрацепция

Бала туатын жастағы әйелдерде және контрацепция шараларын пайдаланатын әйелдерде препаратты қолдану жөніндегі ұсынымдар жоқ.

Жүктілік

Жүкті әйелдерде осельтамивирді қолданудың бақыланатын клиникалық зерттеулері жүргізілмегенімен, постмаркетингтік және ретроспективті бақылау туралы есептерден алынған шектеулі деректер бар. Бұл деректер жануарларды зерттеу нәтижелерімен үйлесімде жүктілік/эмбриондық/құрсақшілік немесе босанғаннан кейінгі даму барысына тікелей немесе жанама жағымсыз әсерлерді көрсетпейді. Энфлувирді жүкті әйелдерде қолдану қауіпсіздігін, тұмау вирусының айналымдағы штаммының патогенділігін және жүкті әйелдің ағымдағы жағдайын мұқият бағалаудан кейін ғана мүмкін болады.

Энфлувирді жүкті әйелдерде тек әйел үшін әлеуетті пайдасы шарана үшін әлеуетті қауіптен асатын жағдайларды қоспағанда, қолдануға болмайды.

Бала емізу

Жануарларды зерттеу көрсеткендей, осельтамивир ана сүтімен шығарылады. Осельтамивирдің емшек сүтімен шығарылуы туралы ақпарат өте шектеулі. Шектелген деректер осельтамивир мен оның белсенді метаболиті аз мөлшерде емшек сүтіне еніп, нәресте қанында субтерапиялық концентрация жасайтынын көрсетеді. Осельтамивирді бала емізетін әйелдерге тағайындағанда, сондай-ақ бұрыннан бар қатарлас ауруларды және тұмау вирусының айналымдағы штаммының патогендігін ескеру керек. Бала емізу кезеңінде осельтамивир емшек емізетін ана үшін емдеудің айқын күтілетін артықшылықтары бала үшін қауіптен асып кеткен жағдайда ғана қолданылады.

Фертильдік

Клиникаға дейінгі зерттеулерде Энфлувир препаратын енгізу кезінде фертильділік, репродуктивтілік және шәуһетті бағалау көрсеткіштеріне әсері анықталған жоқ. Клиникаға дейінгі деректер препараттың ерлер мен әйелдердің фертильділігіне әсерін көрсетпейді.

Қосымша заттар туралы арнаулы ақпарат

Сорбитол

Энфлувир препараты ішке қабылдау үшін суспензия дайындауға арналған ұнтақ құрамында 25,713 г сорбит бар. Тәулігіне екі рет қабылдаған кезде құрамында 45 мг осельтамивир бар әрбір доза жалпы алғанда 2,6 г сорбиттен тұрады. Бұл мөлшер фруктозаның генетикалық жағымсыздығы бар пациенттер үшін сорбиттің ең жоғары мөлшерінен асады. Сирек кездесетін генетикалық фруктоза жағымсыздығы проблемасы бар пациенттер бұл препаратты қолданбауы тиіс.

Сорбит жеңіл іш жүргізетін әсер беруі мүмкін.

Натрий

Бұл дәрілік препараттың құрамында бір реттік дозада *натрий* 1 ммоль-ден аз (23 мг), яғни құрамында натрий жоқ дерлік.

Препараттың көлік құралын немесе қауіптілігі зор механизмдерді басқару қабілетіне әсер ету ерекшеліктері

Энфлувир көлік құралдарын басқару және механизмдермен жұмыс істеу қабілетіне әсер етпейді.

Қолдану жөніндегі нұсқаулар

Дозалау режимі

Энфлувир суспензиясы және Энфлувир капсулалары биоэквивалентті препараттар болып табылады.

Капсулаларды жұтуға қабілетті ересектер, жасөспірімдер немесе балалар (> 40 кг) препаратты Энфлувир капсулалары түрінде қабылдай алады.

Тұмауды емдеу

Емдеуді мүмкіндігінше ертерек, тұмау симптомдары пайда болғаннан кейінгі алғашқы екі күн ішінде бастау керек.

Ересектер мен жасөспірімдер (13 жастан 17 жасқа дейін)

Ересектер мен 13 жастағы және одан үлкен жасөспірімдер үшін ұсынылатын доза 5 күн ішінде тәулігіне екі рет 75 мг немесе бір капсуладан 30 мг және 45 мг құрайды (немесе иммунитеті әлсіреген пациенттер үшін 10 күн). Капсулаларды жұтуда қиындықтары бар ересектер мен 13 жастағы және одан үлкен жасөспірімдер 5 күн ішінде тәулігіне екі рет 75 мг дозада ішке қабылдау үшін суспензия түрінде Энфлувир қабылдауға ауысуы мүмкін.

Балалар

1 жастағы және одан асқан балалар

Нәрестелер мен 1 жастан асқан балаларды емдеу үшін баланың салмағына байланысты келесі дозалау режимдерін қолдану ұсынылады:

Дене салмағы	5 күн бойына ұсынылатын доза	10 күн бойына ұсынылатын доза (иммунитеті әлсіреген пациенттер*)	Бір қабылдауға пероральді суспензия мөлшері
10-15 кг	30 мг тәулігіне екі рет	30 мг тәулігіне екі рет	
> 15 - 23 кг	45 мг тәулігіне екі рет	45 мг тәулігіне екі рет	
> 23 - 40 кг	60 мг тәулігіне екі рет	60 мг тәулігіне екі рет	
> 40 кг	75 мг тәулігіне екі рет	75 мг тәулігіне екі рет	

* Иммунитеті әлсіреген пациенттер үшін (≥1 жас) ұсынылатын ұзақтығы 10 күнді құрайды. Қосымша ақпаратты «Пациенттердің ерекше топтары, иммунитеті әлсіреген пациенттер» бөлімінен қараңыз.

Энфлувир суспензиясына балама ретінде Энфлувирді 30 г және 45 мг дозаларда қатты желатинді капсулалар түрінде қолдануға болады.

Жұту қиындықтары жоқ және салмағы 40 кг-нан асатын балаларға Энфлувир суспензиясына балама ретінде емдеу кезінде препаратты 75 мг

дозада капсула түрінде немесе 5 күн ішінде тәулігіне екі рет 30 мг және 45 мг бір капсуладан қолдануға болады.

1 жасқа дейінгі сәбилер

12 айдан кіші нәрестелер үшін препараттың ұсынылатын дозасы тәулігіне екі рет 3 мг/кг құрайды. Дозалау бойынша осы ұсыным шектеулі фармакокинетикалық деректерге негізделген. Осы мәліметтерге сәйкес, емнің ұсынылған дозасын алған 12 айға дейінгі емшек жасындағы пациенттердің көпшілігінде препараттың қан плазмасындағы экспозициясы үлкен жастағы балалар мен ересектердегі клиникалық көрсетілген экспозицияға ұқсас.

1 жасқа дейінгі балаларға арналған осельтамивир дозаларының кестесі: тәулігіне екі рет 3 мг/кг.

Дене салмағы *	5 күн бойына ұсынылатын доза	10 күн бойына ұсынылатын доза ** (иммунитеті әлсіреген пациенттер)	Бір қабылдауға пероральді суспензия мөлшері	Қолдануға арналған дозатордың көлемі
3 кг	9 мг тәулігіне екі рет	9 мг тәулігіне екі рет		
3,5 кг	10,5 мг тәулігіне екі рет	10,5 мг тәулігіне екі рет		
4 кг	12 мг тәулігіне екі рет	12 мг тәулігіне екі рет		
4,5 кг	13,5 мг тәулігіне екі рет	13,5 мг тәулігіне екі рет		
5 кг	15 мг тәулігіне екі рет	15 мг тәулігіне екі рет		
5,5 кг	16,5 мг тәулігіне екі рет	16,5 мг тәулігіне екі рет		
6 кг	18 мг тәулігіне екі рет	18 мг тәулігіне екі рет		
> 6 – 7 кг	21 мг тәулігіне екі рет	21 мг тәулігіне екі рет		
> 7 – 8 кг	24 мг тәулігіне екі рет	24 мг тәулігіне екі рет		
> 8 – 9 кг	27 мг тәулігіне екі рет	27 мг тәулігіне екі рет		
> 9 – 10 кг	30 мг тәулігіне екі рет	30 мг тәулігіне екі рет		

* Осы кестеде бұл популяция пациенттерінің дене салмағының барлық ықтимал нұсқалары жоқ. 1 жасқа дейінгі барлық пациенттер үшін пациенттің дене салмағына қарамастан 3 мг/кг доза қолданылады.

** Иммунитеті әлсіреген нәрестелерді (0-12 ай) емдеудің ұсынылатын ұзақтығы 10 күнді құрайды. Қосымша ақпаратты «Пациенттердің ерекше топтары, иммунитеті әлсіреген пациенттер» бөлімінен қараңыз.

Энфлувирді 1 жасқа дейінгі сәбилерге тағайындау туралы шешімді дәрігер

потенциалды пайдасын мұқият бағалағаннан кейін болжамды қауіпін ескере отырып қабылдауы тиіс.

Жоғарыда келтірілген ұсыныстар шала туған нәрестелерге қолданылмайды (ұрықтанудан кейінгі жасы <36 апта).

Пациенттердің осы популяциясы үшін мұндай балаларда физиологиялық функциялардың жетілмегендігіне байланысты дозалаудың өзге режимі қажет болуы мүмкін екенін ескерсек, деректердің жеткілікті көлемі жоқ.

Профилактика

Жанасудан кейінгі профилактика

Ересектер мен 13 жастан 17 жасқа дейінгі жасөспірімдер

Жұқтырған адаммен тығыз байланыста болғаннан кейін тұмаудың профилактикасы үшін Энфлувирдің ұсынылатын дозасы 10 күн ішінде тәулігіне бір рет 75 мг немесе бір капсуладан 30 мг және 45 мг құрайды. Емдеу инфекция жұқтырған адаммен тығыз байланыста болғаннан кейін алғашқы 2 күн ішінде басталуы тиіс. Қорғаныс әсері препарат қабылдану уақытында ғана жалғасады. Капсулаларды жұтуда қиындықтары бар ересектер мен 13 жастан асқан жасөспірімдер суспензиясы түріндегі Энфлувирді тәулігіне бір рет 10 күн бойы 75 мг дозасын қолдана алады.

Нәрестелер мен 1 жастағы және одан үлкен жастағы балалар

Энфлувир суспензиясына балама ретінде емдеу кезінде препаратты капсула түрінде 75 мг, 30 мг және 45 мг дозаларда қолдануға болады.

Жанасудан кейінгі профилактика үшін Энфлувирдің ұсынылатын дозасы келесіні құрайды

Дене салмағы	10 күн бойына ұсынылатын доза	Иммунитеті әлсіреген пациенттер 10 күн бойына ұсынылатын доза	Бір қабылдауға пероральді суспензия мөлшері
10-15 кг	30 мг тәулігіне бір рет	30 мг тәулігіне бір рет	
> 15 - 23 кг	45 мг тәулігіне бір рет	45 мг тәулігіне бір рет	
> 23 - 40 кг	60 мг тәулігіне бір рет	60 мг тәулігіне бір рет	
> 40 кг	75 мг тәулігіне бір рет	75 мг тәулігіне бір рет	

Энфлувир суспензиясына балама ретінде салмағы 40 кг-нан асатын, капсулаларды жұтуда қиындықтары жоқ балалар 75 мг дозада капсуланы немесе 10 күн ішінде тәулігіне бір рет 30 мг және 45 мг бір капсуладан емдеуде қолдана алады.

1 жасқа дейінгі сәбилер

Тұмаудың өршуі кезінде 1 жасқа дейінгі нәрестелерде ұсынылатын профилактикалық доза тұмауды емдеу үшін қолданылатын тәуліктік дозаның жартысын құрайды.

Дозалау жөніндегі ұсынымдар 0-12 айлық нәрестелерде, 1 жастан асқан балаларда және ересектерде алынған клиникалық деректерге негізделген, оған сәйкес тұмауды емдеу үшін қолданылатын тәуліктік дозаның жартысына баламалы профилактикалық доза тұмаудың профилактикасы үшін клиникалық тиімді болып табылады.

0-12 айлық нәрестелер үшін баланың дене салмағына қарай дозалаудың келесі профилактикалық режимі ұсынылады:

Бір жасқа дейінгі балаларға арналған осельтамивир дозаларының кестесі: тәулігіне бір рет 3 мг/кг

Дене салмағы *	10 күн бойына ұсынылатын доза	Иммунитеті әлсіреген пациенттер 10 күн бойына ұсынылатын доза	Бір қабылдауға пероральді суспензия мөлшері	Қолдануға арналған дозатордың көлемі
3 кг	9 мг тәулігіне бір рет	9 мг тәулігіне бір рет		
3,5 кг	10,5 мг тәулігіне бір рет	10,5 мг тәулігіне бір рет		
4 кг	12 мг тәулігіне бір рет	12 мг тәулігіне бір рет		
4,5 кг	13,5 мг тәулігіне бір рет	13,5 мг тәулігіне бір рет		
5 кг	15 мг тәулігіне бір рет	15 мг тәулігіне бір рет		
5,5 кг	16,5 мг тәулігіне бір рет	16,5 мг тәулігіне бір рет		
6 кг	18 мг тәулігіне бір рет	18 мг тәулігіне бір рет		
> 6 – 7 кг	21 мг тәулігіне бір рет	21 мг тәулігіне бір рет		
> 7 – 8 кг	24 мг тәулігіне бір рет	24 мг тәулігіне бір рет		
> 8 – 9 кг	27 мг тәулігіне бір рет	27 мг тәулігіне бір рет		
> 9 – 10 кг	30 мг тәулігіне бір рет	30 мг тәулігіне бір рет		

* Бұл кестеде осы популяция пациенттеріндегі дене салмағының барлық болуы мүмкін нұсқалары түгел емес.

Энфлувирді 1 жасқа дейінгі сәбилерге тағайындау туралы шешімді дәрігер потенциалды пайдасын мұқият бағалағаннан кейін болжамды қаупін ескере отырып қабылдауы тиіс.

Жоғарыда келтірілген ұсыныстар шала туған нәрестелерге қолданылмайды (ұрықтанудан кейінгі жасы <36 апта). Пациенттердің осы популяциясы үшін мұндай балаларда физиологиялық функциялардың жетілмегендігіне байланысты дозалаудың өзге режимі қажет болуы мүмкін екенін ескерсек, деректердің жеткілікті көлемі жоқ.

Қоғамдағы тұмау эпидемиясы кезіндегі профилактика

12 жасқа дейінгі балаларда тұмау эпидемиясы кезіндегі профилактика зерттелмеген. Қоғамдастықта аурудың өршуі кезінде тұмаудың профилактикасы үшін ересектер мен жасөспірімдерге ұсынылатын доза 6 апта ішінде тәулігіне бір рет 75 мг осельтамивирді құрайды (немесе иммунитеті әлсіреген пациенттерде 12 аптаға дейін).

Пациенттердің ерекше топтары

Бүйрек жеткіліксіздігі бар пациенттер

Тұмау емі

Креатинин клиренсі 60 мл/мин асатын ересектер мен жасөспірімдерде (13-17 жас) дозаны түзету талап етілмейді, препаратты тәулігіне екі рет 75 мг дозада қабылдауға болады.

Орташа ауырлықтағы бүйрек жеткіліксіздігі бар ересектер мен жасөспірімдерде (13-17 жас) дозаны түзету қажет. Келесі кестеде осы пациенттерде дозаны түзету бойынша ұсынымдар келтірілген.

Креатинин клиренсі	Ұсынылатын доза (ем)
> 60 (мл/мин)	75 мг тәулігіне екі рет
> 30-60 (мл/мин)	30 мг тәулігіне екі рет (суспензия немесе капсула)
> 10-30 (мл/мин)	30 мг тәулігіне бір рет (суспензия немесе капсула)
<10 (мл/мин)	Ұсынылмайды (деректер жоқ)
Гемодиализдегі пациенттер	30 мг гемодиализдің әр сеансынан кейін
Перитонеальді диализдегі пациенттер*	30 мг бір рет (суспензия немесе капсула)

* Деректер созылмалы амбулаториялық перитонеалдық диализдегі (САПД) пациенттердің қатысуымен жүргізілген зерттеулерден алынды; Автоматты перитонеалдық диализ (АПД) режимін пайдалану кезінде осельтамивир карбоксилатының клиренсі артады деп күтілуде. Емдеу режимін, егер ол нефрологтың пікірі бойынша қажет болса, САПД -дан АПД-ға ауыстырып, өзгертуге болады.

Тұмау профилактикасы

Креатинин клиренсі 60 мл/мин асатын ересектер мен жасөспірімдерде (13-17 жас) дозаны түзету талап етілмейді, препаратты тәулігіне бір рет 75 мг дозада қабылдауға болады.

Орташа ауырлықтағы бүйрек жеткіліксіздігі бар ересектер мен жасөспірімдерде (13-17 жас) дозаны түзету қажет. Келесі кестеде осы пациенттерде дозаны түзету бойынша ұсынымдар келтірілген.

Креатинин клиренсі	Профилактика үшін ұсынылатын доза
> 60 (мл/мин)	75 мг тәулігіне бір рет

> 30-60 (мл/мин)	30 мг тәулігіне бір рет (суспензия немесе капсула)
> 10-30 (мл/мин)	30 мг тәулік аралатып (суспензия немесе капсула)
≤10 (мл/мин)	Ұсынылмайды (деректер жоқ)
Гемодиализдегі пациенттер	30 мг гемодиализдің әр екінші сеансынан кейін
Перитонеальді диализдегі пациенттер*	30 мг аптасына бір рет (суспензия немесе капсула)

* Деректер созылмалы амбулаториялық перитонеалдық диализдегі (САПД) пациенттердің қатысуымен жүргізілген зерттеулерден алынды; Автоматты перитонеалдық диализ (АПД) режимін пайдалану кезінде осельтамивир карбоксилатының клиренсі артады деп күтілуде. Емдеу режимін, егер ол нефрологтың пікірі бойынша қажет болса, САПД -дан АПД-ға ауыстырып, өзгертуге болады.

Препаратты бүйрек жеткіліксіздігі бар 12 жасқа дейінгі балаларда қолдану бойынша клиникалық деректер жеткіліксіз. Пациенттердің осы тобында дозалау бойынша ұсынымдар жоқ.

Бауыр жеткіліксіздігі бар пациенттер

Бауыр функциясы бұзылған пациенттерде тұмауды емдеу және профилактикасы кезінде препарат дозасын түзету талап етілмейді. Бауырдың ауыр жеткіліксіздігі бар пациенттерде қауіпсіздік және фармакинетикалық қасиеттер зерттелмеген. Бауыр жеткіліксіздігі бар балалар жасындағы пациенттердің қатысуымен зерттеулер жүргізілген жоқ.

Балалар

Энфлувир препаратының 1 жасқа дейінгі балалардағы қауіпсіздігі мен тиімділігі анықталмаған. **Энфлувирді тек уақытша, 1 жасқа дейінгі балаларға тұмауды емдеу үшін немесе дәрігердің ұсынысы бойынша эпидемия кезінде ғана қолдануға болады.** Басқа кез келген жағдайларда Энфлувир препаратын 1 жасқа дейінгі балаларда қолдануға болмайды.

Егде жастағы пациенттер

Егде жастағы пациенттерде тұмауды емдеу немесе профилактикасы кезінде орташа немесе бүйрек жеткіліксіздігінің белгілері болмаған кезде дозаны түзету талап етілмейді.

Иммунитеті әлсіреген пациенттер

Емі: иммунитеті әлсіреген пациенттер үшін тұмау емінің ұсынылатын ұзақтығы 10 күнді құрайды (4.4, 4.8, 5.1 бөлімдерді қараңыз). Доза түзету талап етілмейді. Емдеу тұмау симптомдары пайда болғаннан кейінгі алғашқы екі күнде мүмкіндігінше тезірек басталуы тиіс.

Маусымдық профилактика: иммунитеті әлсіреген пациенттерде ұзақтығы 12 аптаға дейін ұзақ мерзімді маусымдық профилактика бағаланды.

Енгізу әдісі және жолы

Ішке қабылдау үшін.

Энфлувирді тамақтануға байланыссыз қабылдауға болады. Кейбір пациенттерде Энфлувирді тамақпен бірге қабылдау препараттың жағымдылығын жақсартуға ықпал етуі мүмкін.

Пероральді суспензияға арналған шприц қорапта қапталған. Доза мөлшерін дұрыс дозалау үшін дозаны шприцтің көмегімен енгізу керек. Фармацевт дәріханада пациентке берер алдында дайындаған суспензияны пайдалану ұсынылады.

Ішке қабылдау үшін суспензия дайындау әдісі

Энфлувир препаратының қаптамасына салынған шприцтерді ғана пайдалану керек.

1. Құтының ішіндегісін сілкіп, жабық құтыны бірнеше рет қағу керек.
2. Құтыдағы белгіленген сызықтың шамамен $\frac{2}{3}$ бөлігіне дейін ауыз су қосып, құтыны мұқият сілкіңіз. Бұдан әрі құтыда белгіленген сызыққа дейін қосымша ауыз суды (қалған $\frac{1}{3}$) қосып, құтының ішіндегісін тағы да шайқау керек.
3. Құтының қақпағын ашып, шприцті қою керек.

Пациентке ақпараттық парақ және ішке қабылдау үшін шприц / қасық берілуі тиіс. Сұйылтылған суспензияның жарамдылық мерзімін құтының заттаңбасында көрсету ұсынылады.

Артық дозалану жағдайында қабылдау қажет болатын шаралар

Клиникалық зерттеулер барысында және Энфлувир препаратын тіркеуден кейінгі қолдану кезеңінде хабарланған артық дозалану жағдайларының көбі қандай да бір жағымсыз құбылыстармен бірге болған жоқ.

Артық дозалану жағдайларында жағымсыз реакциялар пайда болу жиілігі бойынша емдік дозаларда препаратты қолдану кезінде байқалған жағымсыз реакциялармен ұқсас және салыстырмалы болды.

Арнайы антидоты белгісіз.

Балаларда артық дозалануы

Балаларда артық дозалану жағдайлары ересектер мен жасөспірімдерге қарағанда жиі байқалды. Энфлувир пероральді суспензиясын дайындау кезінде және препаратты балаларда қолдану кезінде ерекше сақ болу қажет.

Дәрілік препараттың бір немесе бірнеше дозасын өткізіп алу кезіндегі қажетті шаралар

Препаратты қабылдауды өткізіп алған жағдайда, өткізіп алған дозаны пациент есіне түсіргеннен кейін қабылдау керек. Егер келесі дозаны қабылдау уақыты сәйкес келсе, өткізіп алған дозаны өткізіп жіберіп және тұрақты қолдануды жалғастыру керек.

Өткізіп алған дозаны өтеу үшін қосарлы дозаны қабылдауға болмайды.

Дәрілік препаратты қолдану тәсілін түсіндіру үшін медициналық қызметкер кеңесіне жүгіну жөніндегі ұсыныстар

Осы дәрілік препаратты қолдану тәсілі бойынша қосымша сұрақтар туындаған жағдайда дәрігерге немесе фармацевтке қаралу керек.

ДП стандартты қолдану кезінде көрініс беретін жағымсыз реакциялар сипаттамасы және осы жағдайда қабылдау керек шаралар

Қауіпсіздік бейінінің түйіндемесі

Ересек пациенттерде / жасөспірімдерде тұмауды емдеудің клиникалық зерттеулері барысында жиірек жағымсыз реакциялар (ЖР) жүрек айну және құсу, ал профилактиканы зерттеу барысында жүрек айну болды. Аталған ЖР көпшілігі емнің бірінші немесе екінші күнінде бір рет тіркелді және келесі 1-2 күн ішінде өздігінен жойылды. Балаларда жиі ЖР құсу болды. Пациенттердің көпшілігінде ЖР деректері препаратпен емді тоқтатуға әкелген жоқ.

Төменде санамаланған күрделі ЖР тіркеуден кейінгі кезеңде сирек байқалды: анафилаксиялық және анафилактоидтық реакциялар, бауыр тарапынан бұзылулар (фульминанттық гепатит, бауыр функциясының бұзылуы және сарғаю), ангионевроздық ісіну, Стивенс-Джонсон синдромы және уытты эпидермалдық некролиз, асқазан-ішектен қан кету және жүйке жүйесі мен психика тарапынан бұзылулар.

Жағымсыз реакциялардың кестелік тізімі

Жағымсыз реакциялар жиілігінің сандық критерийлері және жағымсыз реакциялардың жүйелік-ағзалық жіктелуіне және олардың пайда болу жиілігіне сәйкес жіктелуі (Жағымсыз құбылыстар жиілігін анықтау мынадай критерийлерге сәйкес жүргізіледі: өте жиі ($\geq 1/100$ -ден $< 1/10$ -ға дейін), жиі емес ($\geq 1/1000$ -ден $< 1/100$ -ге дейін), сирек ($\geq 1/10000$ -нан $< 1/1000$ -ға дейін), өте сирек ($< 1/10000$), белгісіз (қолда бар деректер негізінде бағалау мүмкін емес). Жағымсыз реакцияларға тиісті санаты клиникалық зерттеулерді біріктірілген талдау негізінде беріледі. Әрбір жиілік тобында жағымсыз реакциялар ауырлықты азайту тәртібімен ұсынылады.

Ересектер мен жасөспірімдердегі тұмаудың емі және профилактикасы

1-кестеде ересектер мен жасөспірімдерде тұмаудың профилактикасы және емдеу бойынша зерттеулерде препараттың ұсынылған дозасын қабылдау кезінде бақыланған жиі кездесетін ЖР көрсетілген (емдеу үшін 5 күн ішінде тәулігіне 2 рет 75 мг және профилактика үшін 6 аптаға дейін тәулігіне 1 рет 75 мг).

Тұмаудың профилактикасы жөніндегі зерттеулерде Энфлувир препаратының ұсынылған дозасын (6 аптаға дейін тәулігіне 1 рет 75 мг) қабылдаған пациенттердегі қауіпсіздік бейіні препаратты неғұрлым ұзақ қабылдауға қарамастан, тұмауды емдеу жөніндегі зерттеулерден сапалық жағынан ерекшеленбеді.

1-кесте. Ересек пациенттер мен жасөспірімдерде немесе тіркеуден кейінгі кезеңде Энфлувир препаратымен тұмаудың профилактикасы және емдеуге арналған зерттеулердегі жағымсыз реакциялар

Ағзалар жүйелері класы	Анықталу жиілігіне сәйкес жағымсыз реакциялар			
	Өте жиі	Жиі	Жиі емес	Сирек
Инфекциялар және инвазиялар		Бронхит, қарапайым герпес, назофарингит, жоғарғы тыныс жолдарының инфекциялары, синусит		
Қан және лимфа жүйесі тарапынан бұзылулар				Тромбоцитопени я
Иммундық жүйе тарапынан бұзылулар			Аса жоғары сезімталдық реакциялары	Анафилаксиялы қ реакциялар, анафилоидты реакциялар
Психиканың бұзылуы				Ажитация, мінез- құлықтың ауытқуы, мазасыздық, сананың шатасуы, сандырақтау, елестеулер, шым- шытырық түс, өзін-өзі зақымдау
Жүйке жүйесі тарапынан бұзылулар	Бас ауыру	Ұйқысыздық	Сананың өзгерген деңгейі, кұрысулар	
Көру ағзалары тарапынан бұзылулар				Көрудің бұзылуы
Жүрек тарапынан бұзылулар			Аритмия	
Тыныс алу ағзалары, кеуде қуысы және көкірек ортасы тарапынан бұзылулар		Жөтел, тамақтың ауыруы, ринорея		

Асқазан-ішек жолы тарапынан бұзылулар	Жүрек айнуы	Құсу, іштің ауыруы (іштің жоғарғы бөлігіндегі ауырсынуды қоса), диспепсия		Асқазан-ішек қан кету, геморрагиялық колит
Бауыр және өт шығару жолдары тарапынан бұзылулар			«Бауыр» ферменттерінің жоғары белсенділігі	Фульминантты гепатит, бауыр функциясының жеткіліксіздігі, гепатит
Тері және тері асты тіндері тарапынан бұзылулар			Экзема, дерматит, бөртпе, есекжем	Ангиневроздық ісіну, мультиформалы эритема, Стивенс-Джонсон синдромы, уытты эпидермалық некролиз
Жалпы бұзылулар және енгізген жердегі реакциялар		Ауырсыну, бас айналу (вертигоны қоса), шаршау, қызба, аяқ-қолдың ауырсынуы		

Балалардағы тұмауды емдеу және профилактикасы

Тұмауды емдеу үшін осельтамивирді қолданған клиникалық зерттеулерге 1473 бала қатысты (1 жастан 12 жасқа дейінгі қатарлас аурулары жоқ дені сау балаларды және 6 жастан 12 жасқа дейінгі демікпесі бар балаларды қоса). Оның ішінде 851 бала суспензия түріндегі осельтамивирмен ем алды. Жалпы алғанда 158 бала үй жағдайында қатынастан кейінгі алдын алу зерттеулерінде (n=99), 6 апталық маусымдық алдын алу зерттеулерінде (n=49) және иммунитеті әлсіз пациенттерде 12 апталық маусымдық алдын алу зерттеулерінде (n=10) Энфлувир препаратының ұсынылған дозасын тәулігіне 1 рет қабылдады.

2-кестеде балалардың қатысуымен жүргізілген клиникалық зерттеулер барысында хабарланған ең жиі ЖР ұсынылған.

2-кесте. Энфлувир препаратымен балалардағы тұмаудың профилактикасы және емдеу бойынша клиникалық зерттеулер барысында анықталған жағымсыз реакциялар (жасына/салмағына байланысты 30 мг-дан 75 мг-ға дейінгі доза)

Ағзалар жүйелерінің класы (АЖК)	Анықтау жиілігіне сәйкес жағымсыз реакциялар			
	Өте жиі	Жиі	Кейде	Сирек
Инфекциялар мен инвазиялар		Ортаңғы отит		
Жүйке жүйесі тарапынан бұзылулар		Бас ауыру		
Көру ағзалары тарапынан бұзылулар		Конъюнктивит (көздің қызаруын, бөлінді және ауырсынуды қоса)		
Есту ағзалары және лабиринт тарапынан бұзылулар		Құлақтың ауыруы	Дабыл жарғағы тарапынан бұзылулар	
Тыныс алу жүйесі, кеуде қуысы және көкірек ортасы ағзалары тарапынан бұзылулар	Жөтел, мұрынның бітелуі	Ринорея		
Асқазан-ішектік бұзылулар	Құсу	Іштің ауыруы (іштің жоғарғы бөлігіндегі ауырсынуды қоса), диспепсия, жүрегі айну		
Тері және тері асты тіндері тарапынан бұзылулар			Дерматит (аллергиялық және атопиялық дерматитті қоса)	

Кейбір жағымсыз реакциялардың сипаттамасы

Жүйке жүйесі мен психика тарапынан бұзылулар

Тұмау әртүрлі неврологиялық симптомдармен және мінез-құлықтың өзгеруімен, соның ішінде елестеулер, делирий және аномальді мінез-құлық сияқты симптомдармен байланысты болуы мүмкін, кейбір жағдайларда өлімге әкелуі мүмкін. Бұл құбылыстар энцефалопатияның немесе энцефалиттің дамуы аясында да, айқын күрделі ауруы болмаса да пайда болуы мүмкін.

Тіркеуден кейінгі кезеңде тұмауды емдеуге арналған Энфлувир препаратын қабылдаған пациенттерде құрысулар мен делирий (сананың бұзылуын, сананың шатасуын, мінез-құлықтың ауытқуын, сандырақтауды, елестеулерді, мазасыздықты, үрейленуді, түнгі шым-шытырық түстерді қоса алғанда) байқалды. Сирек жағдайларда ЖР өзін-өзі жарақаттауға немесе өліммен аяқталуға әкелді. Бұл құбылыстар негізінен балалар мен жасөспірімдер арасында тіркелді, көбінесе кенеттен басталып, тез аяқталды. Энфлувир препаратының осы құбылыстардың дамуындағы рөлі белгісіз. Көрсетілген психоневрологиялық бұзылулар Энфлувир препаратын алмаған тұмауы бар пациенттерде де тіркелген.

Бауыр мен өт шығару жолдары тарапынан бұзылулар

Гепатитті және «бауыр» ферменттерінің белсенділігін арттыруды қоса алғанда, бауыр мен өт шығару жолдары тарапынан бұзылулар тұмауға ұқсас ауруы бар пациенттерде байқалды. Бұндай құбылыстар фульминантты гепатит / бауыр жеткіліксіздігінде де болды.

Пациенттердің ерекше топтары

Балалар (1 жасқа дейінгі сәбилер)

Тұмаумен 1 жасқа дейінгі 135 бала қатысқан осельтамивирдің фармакокинетикасы, фармакодинамикасы және қауіпсіздік бейіні бойынша екі зерттеуде препараттың қауіпсіздік бейіні әртүрлі жас топтарында салыстырмалы болды. Бұл ретте ең жиі хабарланатын жағымсыз құбылыстар құсу, диарея және жөргектік дерматит болды. Шала туған балалардағы деректер жеткіліксіз.

1 жасқа дейінгі балаларды емдеу кезінде осельтамивирді қолдану қауіпсіздігі туралы деректер проспектілі және ретроспективті бақылау зерттеулерінің (осы жастағы 2400-ден астам баланы қамтыды), эпидемиологиялық дерекқорды зерделеу және тіркеуден кейінгі бақылау тәжірибесінің нәтижесінде алынды. 1 жасқа дейінгі балалардағы қауіпсіздік бейінін 1 жас және одан асқан балалардағы белгілі қауіпсіздік бейінімен салыстыруға болады.

Иммунитеті әлсіреген пациенттер

Иммунитеті әлсіреген 475 пациентте (1-ден 12 жасқа дейінгі және одан үлкен 18 баланы қоса алғанда) тұмаудың профилактикасын 12 апталық зерттеу барысында осельтамивир тобындағы қауіпсіздік бейіні (238 пациент) профилактика бойынша басқа клиникалық зерттеулерде бұрын байқалған қауіпсіздік бейінімен салыстырарлық болды.

Бронх демікпесі бар балалар

Бронх демікпесі бар балалардағы жағымсыз реакциялардың бейінін қатар жүретін аурулары жоқ балалармен салыстыруға болады.

Жағымсыз дәрілік реакциялар туындағанда медициналық қызметкерге, фармацевтикалық қызметкерге немесе, дәрілік препараттардың тиімсіздігі туралы хабарламаларды қоса, дәрілік препараттарға болатын жағымсыз реакциялар (әсерлер) жөніндегі ақпараттық деректер базасына тікелей хабарласу керек

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК

<http://www.ndda.kz>

Қосымша мәліметтер

Дәрілік препарат құрамы

1 г ұнтақтың құрамында

белсенді зат - 15.760 мг осельтамивир фосфаты (12.000 осельтамивирге баламалы)

1 мл дайын суспензия құрамында

белсенді зат - 12 мг осельтамивир (концентрациясы 1,2 %).

қосымша заттар: сорбитол, титанның қостотығы,

натрий бензоаты, ксантан шайыры, натрий дигидроцитраты, натрий цитраты, натрий сахаринаты, шабдалы хош иістендіргіші, банан хош иістендіргіші

Сыртқы түрінің, иісінің, дәмінің сипаттамасы

Түйіршіктелген ұнтақ, сарғыш-ақ түсті.

Алынған суспензия ақтан ашық сарыға дейін түсте, банан мен шабдалы хош иісі болуы керек.

Шығарылу түрі және қаптамасы

Препаратты полиэтиленді қақпағы бар янтарь түсті шыны құтыға салады.

1 құтыдан медициналық қолдану жөніндегі қазақ және орыс тілдеріндегі нұсқаулықпен бірге УК – лакты картон қорапшаға салынған.

Сақтау мерзімі

2 жыл.

Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды!

Сақтау шарттары

Құрғақ жерде, 25°C-ден аспайтын температурада сақтау керек.

Дайындалған суспензияны 25 °C температурада 10 күн бойы немесе тоңазытқышта 17 күн бойы сақтау керек.

Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек!

Дәріханалардан босатылу шарттары

Рецепт арқылы

Өндіруші туралы мәліметтер

Атабай Илач Фабрикасы А.С.
Acibadem Mahallesi, Koftuncu Sokak, No:3/1
Kadıkoy, Стамбул, Түркия
тел: +90 (216) 326 69 65
Электронды пошта: info@atabay.com

Тіркеу куәлігінің ұстаушысы
АТАБАЙ КИМБЯ САН. БЕ ТИДЖ. А.С.
Acibadem Mahallesi, Koftuncu Sokak, No:3/1
Kadıkoy, Стамбул, Түркия
тел: +90 (216) 326 69 65
Электронды пошта: info@atabay.com

Қазақстан Республикасы аумағында тұтынушылардан дәрілік заттар сапасына қатысты шағымдар (ұсыныстар) қабылдайтын және дәрілік заттың тіркеуден кейінгі қауіпсіздігін қадағалауға жауапты ұйымның атауы, мекенжайы және байланыс деректері (телефон, факс, электронды пошта)

«Управляющая компания WHITE SAIL» ЖШС
Қазақстан Республикасы, Алматы қ., 1 ш. а., 61/1 үй
Тел/факс: +7 777 727 27 07
Электронды пошта: whitesail20@mail.ru